

**"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту қоры" акционерлік қоғамы  
акцияларының пакетін сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен  
республикалық меншікке қабылдау туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 478 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 21 тамыздағы  
№ 493 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2017 № 493 қаулысымен**

"Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу  
қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28  
қыркүйектегі № 1103 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамытудың  
қазақстандық орталығы" акционерлік қоғамының "Тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылықты дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам)  
акцияларының 100 пайыз мөлшердегі пакетін сыйға тарту шарты бойынша  
республикалық меншікке беру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге  
асырсын;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану  
құқығын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару  
комитетіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов